

Keywords: *license, authorized capital, balance sheet, regulatory, economic (market), capital adequacy ratio, liquidity ratio rate, currency exchange, investment, interbank lending, creation of reserve funds, bank capital, bank capital liquidity, bank customer deposits.*

УДК 656.2

ИСКАКОВА П.А. – аға оқытушы, магистр (Алматы қ., Қазақ қатынас жолдары университеті)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ

Аңдатпа

Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесі қалыптасты және әлде де қызмет етуде. Дегенмен Қазақстанда шағын кәсіпкерлік қызметін қолдау бойынша қызмет ету саласы біркелкі дамып жатқан жоқ. Әлемдік тәжірибе көрсететіндей, оның табысты дамуы мемлекеттік қолдауға, осы қызметтерді қажет ететін кәсіпкерлерге, жеке кәсіпкерлікті дамытуды көздеген тұлғалар тең дәрежеде тәуелді.

Шағын бизнес ірі бизнеске қарағанда нарыққа тез бейімді, өзгермелі жағдайларға байланысты икемді, жаңадан жұмыс істеп тұрған өндіріс секторларында жұмыс істеуге қабілетті.

Түйінді сөздер: *кәсіпкерлік, бизнес, кәсіпорын, кіріс.*

Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесі қалыптасты және әлде де қызмет етуде. Бұл мәселемен Индустрия және сауда министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қаржы министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Статистика жөніндегі агенттігі және атқарушы биліктің басқа да органдары мемлекеттік деңгейде айналысады. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және өңірлік қорлары құрылған. Дегенмен, Қазақстанда шағын кәсіпкерлік қызметін қолдау бойынша қызмет ету саласы біркелкі дамып жатқан жоқ. Әлемдік тәжірибе көрсететіндей, оның табысты дамуы мемлекеттік қолдауға, осы қызметтерді қажет ететін кәсіпкерлерге, жеке кәсіпкерлікті дамытуды көздеген тұлғалар тең дәрежеде тәуелді. «Қазақстан-2050» стратегиясында ұлттық экономиканың жетекші күші саналатын кәсіпкерлікті жан-жақты қолдауға баса мән берілді. Бизнесінің тынысын тарылтып тұрған әкімшілік кедергілер тағы да азайтылады, кәсіпорындардың өсіп-өркендеуіне жасанды бөгет жасайтын мемлекеттік қызметтерді жазалау механизмі қатаңдатылады. Осындай қамқорлықтың арқасында шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай аз дегенде екі есе өсуі тиіс [1].

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі мақсаты – олардың әлеуметтік – экономикалық қызметін тиімді атқаруына мүмкіндіктер жасап, өмір сүру мерзімінің неғұрлым ұзаруына ықпал ету.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесінің құрылымы 3 деңгейде қалыптасады:

- республикалық;
- аймақтық;
- жергілікті.

Біздің мемлекетімізде, кәсіпкерліктің, шағын бизнестің рөлі күннен-күнге арта түсуде. Біздің экономикамызда кәсіпкерліктің мынадай міндеттерін шешу жүктелген:

- аймақтағы шикізат түрлерін қолдана отырып, аса маңызды капитал салымын үлкейтпей-ақ қызмет, тұтыну тауар өндірісін кеңейту;
- аса ірі кәсіпорындардан босап қалған жұмысшыларға жаңадан жұмыс орнын құру;
- ғылыми-техникалық прогрессті жылдамдату.

Кәсіпкерлік өз қызметінде дамуын баяулайтын көптеген жағдайлармен кездеседі. Қазақстан экономикасының қазіргі кезеңіндегі қандай маңыздылығын ескере отырып, басшылық құрылымы кәсіпкерлікті қолдамауға бара алмайды.

Кәсіпкерлік келесідей кепілдіктер алды:

- кәсіпкердің шаруашылық қызметіне мемлекеттік органның қызметтік тұлғалары дәлелсіз істеріне кірісу құқықтары жоқ.

• Қазақстан Республикасының заңында басқа жағы қарастырылмаса, онда мемлекеттік тексеріс органдармен кәсіпкерлердің қаржы-шаруашылық қызметін жылына бір реттен көп тексерілмейді.

Заң Қазақстандағы өндірістің, кәсіпкерліктің дамуына ыңғайлы жағдай құрумен қатар, ХХІ ғасырда технологиялық дамудың негізін құрайды [2].

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мамандандырылған кадр жүйесін дайындау, қайта дайындауды жоғарылатуды ұйымдастыру;

• шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қаржы, статистикалық, материалды-техникалық және ақпарат құралдары, сонымен қатар ғылыми-техникалық, технология қолдануда жеңілдіктер жасау;

• шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеуді, қызметтерін лицензиялау, өнімдерін куәліктендіруді жеңіл түрде орнату;

• салық жүйесін, кеден салымдарына жеңілдік салу;

• мемлекеттік ресурстарды пайдалану үшін жағдайлар жасау;

• мемлекеттік тіркеудің және таратудың оңайлатылған тәртібін белгілеу;

• салық салудың оңтайлы режимін белгілеу және т. б.

• шағын кәсіпкерлік субъектілерін инвестиция, шетел инвестицияларын тарту жүйесін құра отырып оны дамыту, қолдау;

• шағын кәсіпкерлік субъектілердің сыртқы экономикалық қызметін қолдау, сонымен қатар оның сауда, ғылыми-техникалық, өндірістік және басқа да шетел әріптестерімен байланысын қолдау;

• қаржы көздерін анықтай отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің арнайы бағдарламасын құру.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және өңірлік қорлары құрылған. Дегенмен, Қазақстанда шағын кәсіпкерлік қызметін қолдау бойынша қызмет ету саласы біркелкі дамып жатқан жоқ. Әлемдік тәжірибе көрсететіндей, оның табысты дамуы мемлекеттік қолдауға, осы қызметтерді қажет ететін кәсіпкерлерге, жеке кәсіпкерлікті дамытуды көздеген тұлғалар тең дәрежеде тәуелді. «Шағын кәсіпкерлік» туралы ҚР Заңына сәйкес, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау – жеке кәсіпкерлікті ынталандыру, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы жүзеге асыру үшін құқықтық, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар жасау бойынша мемлекеттік шаралар кешені, ал жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымы – шағын кәсіпкерлік қызмет етудің және дамуының жалпы жағдайларын қамтамасыз ететін ұйымдар кешені [3].

Шағын және орта бизнесті дамыту мемлекеттен ішкі қолайлы жағдайлар туғызуды талап етеді. Мәселен, Шығыс және Орталық Еуропа елдерінде шағын және орта кәсіпорындарға тиесілі ІЖӨ үлесінің айтарлықтай өсуіне мақсатты бюджеттік субсидиялар мен салық салудағы айтарлықтай жеңілдіктер арқылы қол жеткізілді. Біздің елімізде де шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Ел басшылығы ол істі табысты жүзеге асырудың мемлекеттің одан әрі экономикалық және саяси дамуын айқындайтынын жақсы түсінеді.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау қажеттілігінің маңызы мынаған сайып келеді: Еуропаның дамыған елдерінде шағын және орта кәсіпкерліктің өнімі ішкі жалпы өнімнің 40-60 пайызын құрайды, ал бізде бұл көрсеткіш 15,7 пайызға тең. Қазір Қазақстанда 455 мың жеке кәсіпкер, 169 мың фермерлік шаруашылық, 189671 шағын кәсіпорын тіркелген. Тіркеуден өткен 189671 шағын кәсіпорынның жұмыс істеп тұрғаны – 120356. Қазіргі таңда шын мәнісінде белсенділік танытып отырған кәсіпорын саны – 55865. Осыған қарап-ақ елімізде кәсіпкерлік субъектілерінің олардың Қазақстан экономикасына қосар үлесі әлі де мардымсыздау екенін мойындауға тура келеді.

Кәсіпкерлікті қолдаудың мәні Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңында айқындалған. Аталмыш Заңға сәйкес, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау – бұл жеке кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманың жүзеге асуы үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды қалыптастыру бойынша мемлекеттік шаралар кешені.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары:

- а) шағын кәсіпкерлікті реттеу жөніндегі заңдарды жетілдіру;
- ә) жеке кәсіпкерлікті құру мен дамыту орталықтарын, кәсіпкерлік инкубаторлар, технологиялық парктер, индустриалдық аймақтар және шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымының басқа да объектілерін құру;
- б) бюджеттік қаражаттар есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.
- в) шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мемлекеттік органдар қарамағында шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша мәселелерді зерттеу және шағын ұсыныстарды әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу институттарын құру жолдармен жүргізілетінін анықтайды;
- г) шағын кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың қаржылық институттарын құру;
- ғ) кәсіпкерлік-инкубатор және индустриялық аймақтардың қызметін ұйымдастыру;
- д) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер учаскелерін, құрылыстарды сату [4].

Шағын кәсіпкерлікті дамытудың қызмет ұйымының комиссиясына Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдары кіреді. Кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың бес мемлекеттік бағдарламалары жасалды. Оларды іске асыру республикада кәсіпкерлік секторды қалыптастыруға және дамытуға оң әсер еткенін көрсетті. Тауарлар мен қызметтер көрсетудің бәсекелі нарығы құрылды және шағын кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың институционалдық шаралары айқындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021-2024 жылдарға арналған бағдарламасы шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістерін жетілдіру жөнінде одан әрі белсенді жұмыс жүргізуді көздейді. Шағын кәсіпкерлік саласын дамытуда бизнестің тиімділігіне кедергілерді жою үшін атқарушы органдар қабылдайтын шешімдердің әсерін бағалау және осы процесске кәсіпкерлермен олардың қоғамдық ұйымдарын тарту жолымен қамтамасыз ету болжанған болатын [5].

Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің мемлекеттік органдарының экономикалық және әлеуметтік саяси саласында шешімдерді әзірлеуіне барынша қатысу үшін Үкіметтің 2021-2024 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері жөніндегі сарапшы кеңестердің қызметі жандандыруды көздеген болатын. Осындай кеңестер жұмысының негізінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен ұсынымдар дайындау мемлекеттің экономикалық саясатты барынша тиімді жүргізуіне мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мақсаты – неғұрлым көп қосылған құны бар жоғары жаңа технологиялық өндірістерді құруға бағдарланған шағын кәсіпкерлікті дамыту есебінен

орташа топты қалыптастыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- шағын кәсіпкерлікке салық әкімшілігін жүргізу жүйесін жетілдіру;
- шағын кәсіпкерліктің несие ресурстарына қол жетімділігін жеңілдету;
- шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес институттардың тиімділігін арттыру;
- кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді оңтайландыру;
- шағын кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай білім беру және кәсіпкерлікті тиімді ақпараттық-әдістемелік қолдау жүйесін құру;
- кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру.

Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оң іске асыру тетіктері:

1. шағын кәсіпкерлікке салық-әкімшілігін жүргізу жүйесін жетілдіру;
2. шағын кәсіпкерлікті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту;
3. шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту;
4. шағын кәсіпкерлікті оқыту, ақпараттық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және насихаттау;
5. кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік - құқықтық базаны жүйелеу және жетілдіру [6].

Нарықтық реформалар жылдарында кәсіпкерлік сектор қоғамда елеулі орынға ие болды. Басты стратегиялық мақсатқа: кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігі республика азаматтарының конституциялық құқықтарының шынайы және ажырамас бөлігіне айналуына қол жеткізілді, ол үшін мемлекет қажетті жағдайларды жасады.

Шағын кәсіпкерлікті реттеудің нормативтік - құқықтық негізі құрылды.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің жекелеген бөлімінде салық жүктемесін айтарлықтай төмендететін және салық салу жүйесін, соның ішінде шағын бизнес субъектілеріне, шаруа фермер қожалықтарына, заңды тұлғалар-ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге қатысты оңайлататын арнайы салық режимдері көзделді. Шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимі бір жолға талаптардың, патенттердің және оңайлатылған декларацияның негізінде айқындалады.

Мемлекеттік бағдарлама көзделген іс-шаралар жоспарын іске асару үшін жыл сайын республикалық бюджеттен 159,12 млн.тенге көлемінде қаражат бөлініп жатыр.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде кәсіпкерлікті қолдаудың ақпараттық желісімен 400 мыңға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілері қамтылуы тиіс. Бағдарламада көзделген шараларды нақтылы іске асыру нәтижесінде: шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 550 мыңға дейін ұлғайту қарастырылған болатын [7].

Кәсіпкерлер жиі кездесетін нарықтық инфрақұрылым объектісі – бұл бизнес - инкубаторлар. Қазақстанда бизнес - инкубаторлар жүйесін құру бастапқы қадамда тұр. Қазіргі кезде республикада 50-ге жуық бизнес-инкубаторлар жұмыс жасауда. Олар жергілікті атқару органдарының инициативасы бойынша шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың аймақтық бағдарламасы шегінде құрылған болатын.

Бүгінгі күні Қазақстанда қызмет ететін бизнес-инкубаторлардың көбі Қазақстандық бизнес - инкубаторлар және инновациялық орталықтар ассоциациясына (КАБИЦ) кіреді.

Мониторингтік зерттеулер нәтижелері бизнес-инкубаторлардың жартысынан астамы халықаралық тәжірибеде жасалған инфрақұрылымның бұл нысанын құрудың концепциясына сай келмейтінін көрсетті: олар тек офистік және өндірістік орындарды берумен шектеліп қана қояды, немесе мәселелердің азғантай спектрі бойынша қызмет көрсетеді. Бұл зерттеулер бойынша 31,35% – бизнес - инкубаторлар қызметін мүлде пайдаланбаған.

Қалғандары келесідей бөлінген:

- құқықтық қызметтер – 31%;
- аудиторлық және бухгалтерлік қызметтер – 25,2%;
- оқыту – 20,4%;
- несиелік алу бойынша қызметтер – 16%;
- лизингтік қызметтер – 7,4%.

Инфрақұрылымның келесі объектісі – консалтингтік фирмалар. Қазіргі кезде консалтингтік компаниялар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне келесідей қызметтер көрсетеді:

- құқықтық қамтамасыз ету;
- аудит және бухгалтерия;
- маркетингтік зерттеулер;
- бизнес - жоспар;
- салық заңдылығы;
- кедендік қызметтер және т.б.

Қолданыстағы салық жүйесінің осы кезеңде экономикалық реттеуіш ретінде шағын кәсіпкерлік субъектілері санының артуын ынталандыра отырып, жұмыс орындары санының, өндірілетін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюын қамтамасыз етуі өте маңызды.

Екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер беру рәсімдерін және онымен байланысты шығыстарды:

- шағын бизнес субъектілері үшін кредиттерге қызметтер көрсету төлемдерін азайту жөніндегі тетіктерді әзірлеу және енгізу;
- шағын бизнес кәсіпорындарын оларды жеңілдетілген нысан бойынша жобаның техника-экономикалық негіздемесімен ауыстыра отырып, несиелік берілетін іс-шара бойынша бизнес-жоспарларды міндетті түрде ұсырудан босату;
- қарыз алушы шағын бизнес кәсіпорындарының қаржы жағдайын бағалау өлшемдерін, сондай-ақ несиелерді қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптарды жеңілдету жолымен оңтайландыру қажет болады [8].

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде кәсіпкерлердің қызметті игеруге немесе кеңейтуге байланысты шығындарын жүйелі түрде сүйемелдеу және олардың уәждері мен мақсаттарын есепке алу жолымен қысқарту үшін жағдайлар жасалады. Осы міндетті орындау әкімдердің шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын жергілікті жерлерде дамытуға жауапкершілігін және шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы мен оның филиалдық желісі, кәсіпкерлердің жұмыс істеп тұрған қауымдастықтары, бизнес орталықтар, бизнес-инкубаторлар мен технопарктер, оқу және ақпараттық - талдау орталықтары қызметінің тиімділігін арттыру есебінен мүмкін болады деп күтілген.

Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктер нысанындағы қауымдастықтарды құруы кеңінен таралуда.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін ірі кәсіпорындармен шағын бизнестің ықпалдасуы үлкен маңызға ие болады. Сондықтан мемлекет тарапынан шағын және ірі шаруашылық құрылымдардың ынтымақтастығын ұйымдастыру мен қолдау жөнінде іс-шаралар жүргізілуде. Бұл қолдау:

- шағын бизнесті демеушілікті ынталандыру;
- шағын бизнестің ірі бизнеспен өзара іс-қимылын франчайзинг қағидаттарымен қамтамасыз ету;
- жинақтаушы бұйымдар өндірісіне және қызметтер көрсетуге ірі кәсіпорындардың тапсырыстарының негізгі үлесін отандық шағын кәсіпорындар арасында орналастыру (кемінде 70-90 %);

- шағын кәсіпкерліктің мұнай-газ және тау-кен-металлургия, соның ішінде шетел қатысатын компаниялармен байланыстарды нығайту; тиімді жұмыс істеу және ірі компаниялармен тапсырыстар алу үшін

- шағын кәсіпкерліктің кәсіби деңгейін жетілдіру;

- жоғары технологияларды қолданатын өндірістік процесстерге (мұнай-газ кешені, машина жасау, радиоэлектроника, аспап жасау және басқа салалар) шағын кәсіпкерліктің қатысуын қамтамасыз ету. Қажетті тауарларды шығару мен сервистік қызметтер көрсетуді қоса алғанда, мұнай-газ саласының тіршілік әрекерінің қамтамасыз ету бойынша инфрақұрылымының даму жөніндегі мәселенің маңыздылығын ескере отырып, қосылған құны жоғары тауарлар шығару, сондай-ақ жүйе қалыптастыратын кәсіпорындарға тауарлар жеткізу және қызметтер көрсету мақсатында отандық кәсіпкерлерді тарту жөнінде іс-шаралар әзірленеді;

- шағын кәсіпорындарды ірі кәсіпорындардың тиісті бөлімшелері жұмысының орныққан жабдықтау-өткізуші, маркетинг схемаларына қосуды қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

Шағын бизнес субъектілеріне беру мақсатында тоқтап тұрған кәсіпорындарды бөлшектеу және қайта құрылымдау жөніндегі жұмысты жалғастырылды.

Кәсіпкерлерді ақпаратпен қамтамасыз ету шағын бизнес мәселелері жөніндегі кешені ақпаратты қамтитын кәсіпкерлікті қолданудың бірыңғай ақпараттық желісінің жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырылады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты тиімді іске асыруға бұқараның қоғамдық санасында азаматтардың күнделікті материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру көзі ғана емес, сондай-ақ лайықты өмір сүруді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік бастамасына оңды көзқарас қалыптастыру үшін насихат жұмысын ұйымдастыру ықпал ететін болады. Осыған байланысты бұқаралық апарат құралдарын тарта оырып, ақпараттық-танымдық сипатқа ие семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер» өткізуді жоспарлануда.

Бұдан басқа, осы бағыттың аясында әйелдер мен жастар кәсіпкерлігін дамытуды насихаттау жүргізіледі. Кәсіпкерлердің осы тобына кәсіпкерлік негіздерін үйретуге баса назар аударылады. Кәсіпкерлік қызметпен дербес айналасу үшін күш-жігері және ниеті бар азаматтарды қолдауды республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан қаржыландырылатын бизнес-инкубаторлардың шеңберінде жүзеге асыру болжанған.

Соңғы он жыл ішінде қалыптасқан кәсіпкерлік ортада болған өзгерістер оның нормативтік-құқықтық базасын және мемлекеттік реттеудің негіздерін жетілдіру қажеттігін бірінші орынға қойып отыр.

Осы мақсатта кәсіпкерлік мәселелерін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерде орын алған қайшылықтарды жою және экономика дамуының қазіргі таңдағы жай-күйінің талаптарына сәйкес келтіру мәніне тексеру жүргізіледі [9].

Қызметтің түрлерін лицензиялау және басқа рұқсат беру жүйесі оңтайландырылады, сондай-ақ оларды беру рәсімдері мен тәртібі жетілдірілді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бұл ресурстарды экономикалық қызмет саласына қатыстыру үшін жер учаскелерін беру тәртібі оңайлатылды.

Бүгінгі күні өнеркәсіп өндірісі көлемінің 85%-ы жеке секторда өндіріледі. Елдің ЖІӨ - дегі шағын және орта бизнестің үлесі шамамен 25% құрайды, экономиканың жеке секторында еңбекпен қамтылған халықтың 60%-дан астамы еңбек етеді.

Бүгінде біздің елімізде кәсіпкерлікті дамытудың перспективасы айқындалды. Қазіргі уақытта, Мемлекет басшысының халыққа жолдауы негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті 2021-2024 жылға дейін дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың жана ауқымды бағдарламасы әзірленуде. Бизнес құру жолындағы бюрократиялық кедергілер азайтылды. Тек соңғы жылдары ғана лицензияланатын қызметтердің 350-ге жуық түрлері

қысқартылды. Кейбір лицензияларды беру өңірлік деңгейге көшіріліп, процедуралар айтарлықтай қарапайымдандырылды.

Кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайту мәселесіне Қазақстан халқына арналған таяудағы Жолдаудада айрықша көңіл бөлінген. Бүгінде біздің елімізде кәсіпкерлікті дамытудың қарқыны айқындалды.

Шағын кәсіпкерліктің бүгінгі таңда нарықтық жағдайда алатын орны ерекше. Бұған шет ел тәжірибесі дәлел бола алады. Шағын кәсіпкерліктің жұмыссыздықты азайту, елде орта топты қалыптастыру, жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту сияқты экономикалық, әлеуметтік функцияларды атқаруы оның Қазақстан Республикасы экономикасында да маңызды сипат алып отыруын көрсетеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік көптеген түрде дамуда. Бір сөзбен айтқанда, кәсіпкерлік экономиканың жаңа сала түрлерін қамтуда. Оның оңтайлы даму мына себептерге байланысты – ол, жеке меншік, экономикалық іс-әрекеттің еркіндігі.

Әдебиеттер

1. Жеке кәсіпкерлік туралы 2006 ж. 31 қаңтарындағы №124-III Қазақстан Республикасының Заңы (2008.05.07. берілген өзгерістер мен толықтырулар).

2. Бизнесті ұйымдастыру. 1 бөлім. Оқу құралы. / Жалпы ред. басқ. А.М. Балкибаева. – Алматы: «Бастау», 2020. – 320 б.

3. Бизнесті ұйымдастыру. 2 бөлім. Оқу құралы. / Жалпы ред. басқ. А.М. Балкибаева. – Алматы: «Бастау», 2020. – 392 б.

4. Шағын бизнестегі менеджмент: кәсіп бастау және венчурді дамыту: Оқулық / Г.Жастин Лонгенекер, Ж.Уилиям Петти, Хой Франк Палич Лесли Е. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2020. – 704 б.

5. Елшібаев Р.Қ. Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру: Оқу құралы. / Р.Қ. Елшібаев, Ф.М. Кулембаева. – Алматы: «Экономика», 2016. – 171 б.

6. Кәсіпкерлік стратегиялар: Оқу құралы. / К.Р. Касенов, Ә.К. Агзам, А.Ж. Аманқосов. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 242 б.

7. Кәсіпорын қызметін жоспарлау: Оқу құралы. / А.А. Нұрғалиева. – Алматы: «Экономика», 2019. – 132 б.

8. Елшібаев З.Қ. Кәсіпкерлік. Оқу құралы. – Алматы: «Экономика», 2015. – 232 б.

9. Экономикалық қауіпсіздік: Оқулық / А.С. Сейдахметов, М.Б. Тышқанбаева. – 2-ші басылым. – Алматы: «Фортуна Полиграф», 2019. – 314 б.

References

1. Law of the Republic of Kazakhstan dated January 31, 2006 No. 124-III on individual entrepreneurship (amendments and additions to the law of the Republic of Kazakhstan dated 07.05.2008).

2. Business organization. Part 1. Training manual. / General Ed. others. "I Don't Know," He Said. – Almaty: "Bastau", 2020. – 320 p.

3. Business organization. Part 2. Training manual. / General Ed. others. "I Don't Know," He Said. – Almaty: "Bastau", 2020. – 392 p.

4. Management in small business: starting a business and venture development: textbook / G. Justin Longenecker, J. Wiliyam Petty, Hoy Frank Palich Leslie E. – Almaty: "National Translation Bureau", 2020. – 704 p.

5. Yelshibaev R. K. Organization of small and medium-sized businesses: a textbook. "I Don't Know," He Said. – Almaty: "Economy", 2016. – 171 p.

6. Entrepreneurial strategies: a textbook. The Purpose Of The Event Is To Promote The Development Of The Kazakh Language. – Almaty: Kazakh University, 2018. – 242 p.

7. Enterprise activity planning: a textbook. "I Don't Know," He Said. – Almaty: "Economy", 2019. – 132 p.

8. Yelshibaev Z.K. Entrepreneurship. Training manual. – Almaty: "Economy", 2015. – 232 p.

9. Economic Security: textbook / A.S. Seidakhmetov, M.B. Tyshkanbayeva. – 2nd edition. – Almaty: "Fortuna polygraph", 2019. – 314 p.

ИСКАКОВА П.А. – магистр, ст. преподаватель (г. Алматы, Казахский университет путей сообщения)

ПОДДЕРЖКА МАЛОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН СО СТОРОНЫ ГОСУДАРСТВА

Аннотация

В Казахстане сложилась и функционирует система поддержки малого предпринимательства. Тем не менее сфера деятельности по поддержке малого предпринимательства в Казахстане развивается неравномерно. Как показывает мировой опыт, его успешное развитие в равной степени зависит от государственной поддержки, предпринимателей, нуждающихся в этих услугах, лиц, нацеленных на развитие частного предпринимательства.

Малый бизнес быстрее адаптируется к рынку, чем крупный, гибок в связи с меняющимися условиями, способен работать в новых действующих секторах производства.

Ключевые слова: предпринимательство, бизнес, предприятие, доход.

ISKAKOVA P.A. – master's degree, senior lecturer (Almaty, Kazakh university ways of communications)

SMALL BUSINESSES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN STATE SUPPORT

Abstract

A system of support for small businesses has been formed and is still functioning in Kazakhstan. However, the sphere of support for small businesses in Kazakhstan is not developing evenly. As world experience shows, its successful development depends equally on state support, entrepreneurs in need of these services, and individuals who intend to develop private entrepreneurship.

Small businesses are more market-oriented than large businesses, more flexible due to changing conditions, and more capable of operating in newly established manufacturing sectors.

Keywords: entrepreneurship, business, enterprise, income.

УДК 336(035.3)